

**«Талдысай жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің
2020-2021 оқу жылына арналған
жұмыс оқу жоспарына түсініктеме хат**

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫПТАРЫ ҮШІН

2020-2021 оқу жылына арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқы жоспары (2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен өзгерістер мен мен толықтырулар енгізілген), ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламалары және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының 2020 жылғы 15 маусымдағы №7 хаттамасымен ұсынылған «2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты, «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымдарында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдар басшылыққа алынды.

Мектепалды даярлық тобына арналған бастауыш білім берудің жұмыс оқу жоспарының ерекшеліктері:

Мектепалды даярлық тобының вариативтік компоненттегі сағаттар төмендегідей ретте бөлінді:

Тақырыбы: Логика. Ойнайық та, ойлайық

Мақсаты: Мектепке дейінгі баланы оқыта және дамыта отырып, балаларды өз бетінше оқып, білім алуға үйрету.

Тақырыбы: Бояулар сыры

Мақсаты: Мектепке дейінгі баланы бейнелеу өнеріндегі шығармашылық қабілеттері мен көркемдік талғамдарын дамыта отырып, эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.

Тақырыбы: Қызықты математика

Мақсаты: Мектепке дейінгі баланы санамақтар, математикалық жұмбақтар үйрету арқылы логикалық ойлауын дамыту.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 12 мамырдағы
№195 бұйрығына
1-қосымша

№	Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі	Жас тобы
		Мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5-жастан бастап)
1	"Денсаулық"	3
	Дене шынықтыру	2,5
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	0,5
2	"Қатынас"	5
	Сөйлеуді дамыту	1
	Көркем әдебиет	1
	Сауат ашу негіздері	2
	Орыс тілі	1
3	"Таным"	2,5
	Математика негіздері	1
	Құрастыру	0,5
	Жаратылыстану	1
4	"Шығармашылық"	5
	Сурет салу	1
	Мүсіндеу	1
	Жапсыру	1
	Музыка	2
5	"Әлеумет"	1,5
	Өзін-өзі тану	1
	Қоршаған ортамен танысу	0,5
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	25-30 минут
7	Апталық оқу жүктемесінің көлемі	17
8	Вариативтік компонент*	3
	Логика. Ойнайық та ойлайық	1
	Бояулар сыры	1
	Қызықты математика	1
9	Барлығы	20